

Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 қарашадағы № 889 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 11 желтоқсанда № 12398 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 478 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2018 № 478 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабы 1-тармағының 33) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. "Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 24 маусымдағы № 313 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9601 нөмірмен тіркелген, "Әділет" Ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 29 шілдедегі, "Казахстанская правда" 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 18 (27894), "Егемен Қазақстан" 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 18 (28496) газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері Этолонды бақылау банкіне енгізу үшін "

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс шаралардың орындалуы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 7 қарашадағы
№ 889 бұйрығымен
бекітілген

Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын тіркеу қағидалары

1. Осы авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасындағы авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Барлық авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары (бұдан әрі - АҚҚ) бастапқы аттестаттаудан өткеннен кейін және оларға авариялық-құтқару жұмыстарының белгілі бір түрін немесе түрлерін жүргізу құқығына куәлік бергеннен кейін міндетті тіркеуге жатады.

3. АҚҚ-ны тіркеуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті облыстар, Астана және Алматы қалаларының Төтенше жағдайлар департаменттері (бұдан әрі - Департамент) белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

4. Тіркеу Қазақстан Республикасының тиісті облыстарында АҚҚ туралы деректерді қалыптастыру мақсатында АҚҚ-ны авариялық-құтқару жұмыстарының белгілі бір түрін немесе түрлерін жүргізу құқығына куәлік

берген күннен бастап, он күнтізбелік күн ішінде Департаментте тіркеу есебіне қоюға арналған.

5. АҚҚ туралы ақпаратты жинау, есепке алу және сақтау мақсатында Департаменттің тиісті құрылымдық бөлімшелері осы Қағидаға 1 және 2-қосымшаға сәйкес электрондық және қағаз түрінде жеке тізілім (бұдан әрі - тізілімдер) жүргізеді.

6. Тізілімдер журнал түрінде болады. Тізілімдердің бір бетіне тек бір АҚҚ туралы мәлімет енгізіледі. Бір бетке екі және одан көп АҚҚ туралы мәліметті енгізуге жол берілмейді

7. Беттердің нөмірлері толассыз болып табылады.

8. Тізілімдер мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Іс жүргізу бірыңғай мемлекеттік тілде жүргізілетін департаменттерде тізілімдерді жүргізу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

9. АҚҚ орналасқан орнын ауыстыру, қайта бейіндеу немесе жою кезінде АҚҚ басшысы үш жұмыс күні ішінде Департаментке ақпарат береді.

Бұл ретте АҚҚ басшысы тиісті өзгертулерді растайтын құжаттардың көшірмелерін Департаментке ұсынады.

10. АҚҚ-ны тіркеуден шығару авариялық-құтқару жұмыстарының белгілі бір түрін немесе түрлерін жүргізу құқығына куәліктің күші жойылған, АҚҚ қайта бейіндеу және жою жағдайларында жүзеге асырылады.

11. АҚҚ-ны тіркеуге қою және одан шығару Департаменттің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқаратын адамның бұйрығымен ресімделеді

Авариялық-құтқару қызметтері
мен құралымдарын тіркеу
қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Тізілім (электрондық түрде жүргізіледі)

р/ с №	Тіркеу нөмірі	Құралымның атауы	Жүргізілетін жұмыстың негізгі түрлері	Заңды мекенжайы , телефон	Басшының Т.А.Ә., телефон	Куәліктің нөмірі және берілген күні	Саны		Күні	
							жеке құрам	техника, жүзу құралдары және басқа жабдықтар	аттестаттаудан өткен	Келесі аттестат
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.	10.	11.

Авариялық-құтқару қызметтері
мен құралымдарын тіркеу
қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Тізілім

(қағаз түрінде түрде жүргізіледі)

р/ с №	Тіркеу нөмірі	Құралымның атауы	Жүргізілетін жұмыстың негізгі түрлері	Заңды мекенжайы , телефон	Басшының Т.А.Ә., телефон	Тіркеуге арналған негіз, куәлік нөмірі	Жеке құрам саны	Техника саны	Ескертпе
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.	9.	10.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК